

# «АБАЙТАНУ»

## 10-сынып

### Тақырыптық-күнтізбелік жоспар

(аптасына 2 сағат)

72 сағат

#### Түсінік хат

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы-халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы Абайтану негізінен Абайдың тұғанынан бастап, азаман болу кезеңдерін зерттейді. Абай және оның өскен ортасы, ақын болып қалыптасу кезеңі негізінен сол дәуірдің қоғамдық сипасы мен халықтың әлеуметтік тұрмысына байланысты өзіндік жалғасын тауып отырады.

Жалпы, курстың мақсаты - Абай Құнанбайұлының қазак жазба әдебиетінің көшбасшысы ретінде құбылыстық сипатын, бүкіл ақындық әлемін, өлең өнеріндегі өзгешелігін, шеберлігін танытуға бағытталған. Бұл курс өзіне төмендегідей міндеттерді жүктейді:

- Абай Құнанбайұлының шығармашылығының зерттелу жайына тоқталып, абайтану ғылыминың тарихынан мәліметтер беру;
- Ұлы ақынның ғұмырнамасына байланысты тың деректерге иек сүйеп, ақынның жазба әдебиеттің көшбасшы ретіндегі орынын айқындау;
- Абайдың қазақ поэзиясына әкелген жаңалығын айтып, өлең өрнектерін дамытудағы рөліне тоқталу;
- Ғұлама ойшылдың философиялық нақыл сөздерінің мән - мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымы жайында сөз ету;
- Ақынның аудармадағы еңбегіне тоқталу, баударудағы шеберлігін айқындау.

«Абайтану» курсында Абай мұрасын жан - жақты әрі терең танытуға мүмкіндіктер жасай отырып, окушылардың ғылыми танымын қалыптастыруды басты нысана етіп алып отыру.

Абайтану өзінің даму жолында аса курделі қын жолдардан өтті. Абай мұрасының жайын білу, бағалау саласында саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты қоғамдық ой - санада қым - қиғаш талас - тартыстар өріс алғаны белгілі. Сондықтан тәүелсіз заманның уақыт талабына орай жаңа таным мен соңғы көзқарастың ғылыми тұрғыдан тың байладарын бүгінгі заман жастарының санасына сіңіру міндеті алға қойылып отыр.

Бұл курста әр окушы өзі таңдаған тақырыбы бойынша ізденіп, түрлі бағытта шығармашылық жұмыстар жасауды болады.

#### Күтілетін нәтиже

- ақын өмір сүрген дәуірді және халық ауыз әдебиеті шығармаларын оқып, үлкендерден естіп, жадына тоқығандығын білуі;
- ақын мұраларының зерделенуі мен абайтану ғылыминың қалыптасу тарихын, кезеңдерін білуі;
- ақынның ән мен күй өнері хакындағы пайымдауларын түсінуі;
- казіргі абайтану ғылыминың даму бағыттарын, абайтану - қазақ әдебиеттану ғылыминың бір саласы екендігін білуі;
- ұлы ақынның философиялық ақыл-нақыл сөздерінің маңыздылығын, мән-мағынасын түсінуі;
- ақынның қазақ поэзиясына енгізген жаңалығын, аудармашылық шеберлігін таңып білуі;

-окушы өзіне қажетті материалдарды интернет арқылы тауып, пайдалана білуі;

## **9.Оқуға ұсынатын әдебиеттер тізімі:**

- 1) Абай «Шығармаларының екі томдық толық жинағы» Алматы «Жазушы» 2005 ж;
- 2) М.О.Әуезов Абай Құнанбаев «Монография. Мақалалар, зерттеулер» Алматы «Санат» 1995 ж;
- 3) М.Бейсенбаев «Абай және оның заманы» Алматы «Жазушы» 1988 ж;
- 4) Тұрсын Жұртбай «Құнанбай / Тарихи және әдеби тұлға/» Алматы «Алаш» 2004 ж;
- 5) М.О.Әуезов «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» Алматы «Ғылым» 1988 ж;
- 6) М.О.Әуезов «Абай жолы» 4 том, Алматы «Жазушы» 2007 ж;
- 7) Абай туралы естеліктер, Семей 2010 ж;
- 8) Қ.Мұқамедханов «Абайдың ақын шәкірттері» Алматы 1994 ж;
- 9) Ұ.Әбілдаұлы «Абайды оку әліппесі» Алматы «Рауан» 1994 ж;
- 10) М.Мырзахметұлы «Абай жүрген ізбенен» Алматы «Қазақстан» 1985 ж;
- 11) Б.Байгалиев «Абай өмірбаяны мұрагат деректерінде» Алматы «Арыс» баспасы, 2001 ж;
- 12) «Абай энциклопедиясы «Атамұра» 1995 ж;
- 13) М.О.Әуезов және Абайтану проблемалары, Алматы, 1982 ж;
- 14) Қ.Мұқамедханов «Абай мұрагерлері» Алматы «Атамұра» 1995 ж;
- 15) М.Мырзахметұлы «Әуезов және Абай» Алматы «Қазақстан» 1997 ж;
- 16) М.О.Әуезов «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» Алматы «Санат» 1997 ж;
- 17) Абайтану тарихы, Алматы, 1994 ж;
- 18) Қ.Өмірәлиев Абай афоризмі;
- 19) М.Мырзахметұлы «Абайды оқы, таңырқа», «Ана тілі» 1993
- 20) Т.Қожаксев «Абай-сатирик» «Білім» қоғамы, 1970 ж;
- 21) Қ.Мұқамедханов «Абай шығармаларының текстологиясы жайында»  
Қаз.Мем.КӘБ, 1959 ж;
- 22) Абай тілінің сөздігі «Ғылым» 1968
- 23) Т.Тәжібаев «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және  
педагогикалық көзқарастары» Қаз.Мем.КӘБ, 1957 ж;
- 24) К.Шаймерденова «Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары» «Рауан»  
1990 ж;
- 5) Республикалық «Абай» журналы.